

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы)_____

Топ: ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жастан.

Жоспардың құрылу кезеңі: наурыз айы, 2023-2024 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Дене шынықтыру	<ul style="list-style-type: none">- дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту;- негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, секіру, лактыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмеледі орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру;- мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;- қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру, дене жаттығуларына қызығушылыққа баулу;- денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты дамыту;- күрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарымқатынас жасауға баулу;- спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету. <p>Секіру. Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру, 15-20</p>

	<p>сантиметр биіктікten секіру, ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіру, сзықтан секіру, тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар.</p> <p>Аяқта арналған жаттығулар:</p> <ul style="list-style-type: none">- аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою;- қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты тәмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру;- отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау, таяқтың, білікшениң (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру. <p>Қимылды ойындар</p> <p>Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қымыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату.</p> <p>Спорттық жаттығулар.</p> <p>Жұзу және гидроаэробика элементтері. Суга тұсу, жүгіру, ойнау, суда билеу. Жұзуді үйрету (тиісті жағдайлар болған кезде).</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлыш дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды</p>
--	--

байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішү құралдарын орнымен қолдануға баулу.

Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.

Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлақ, мұрын, ауыз) үйрету, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтүге болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру. Адамның денсаулығына пайдалы (көгөністер, жемістер, сұт өнімдері) және зиянды тағамдар (тәттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Дене белсенділігі (таңертенғі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру. Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру. Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу.

Сауықтыру-шынықтыру шаралары.

Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: аяқ, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Балаларды үй-жайда женіл киіммен жүргүре үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау. Күн тәртібіне сәйкес

	<p>балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау.</p>
Сөйлеуді дамыту	<ul style="list-style-type: none"> - балаларды өз бетінше сөйлеуге үрету; - түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; - әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу. <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Дауысты (а, ә, е, о) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш) дыбыстарды анық айтуда, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқының өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айтуда.</p> <p>Сөздік қор.</p> <p>Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру, дәстүрге байланысты балалармен ән айтуда, би билетуда, жумбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы.</p> <p>Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін</p>

		қолдану, таныс ертегілерді ойнауга және саҳналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.
Көркем әдебиет		<ul style="list-style-type: none"> - шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу; - қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру; - балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты қалыптастыру. <p>Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталаپ айтуда мүмкіндік беру.</p> <p>Балаларды тақпактар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуда үйрету.</p>
Қазақ тілі		<ul style="list-style-type: none"> - артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету; - қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу. <p>Тілдік дамытушы орта.</p> <p>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасаудың жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалаудың білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыйтайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атап айтуда баулу.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алушуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және</p>

	<p>түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ұ, ყ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.</p> <p>Сөздік қор.</p> <p>Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы.</p> <p>Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.</p> <p>Таныс өртегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.</p>
Математика негіздері	<ul style="list-style-type: none"> - қарапайым математикалық ұфымдарды қалыптастыру; - бакылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын, олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету; - заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жағаны тануға, өзіне сенімділікке баулу; - командада жұмыс істей білуге дағдыландыру; - көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту. <p>Геометриялық фигуралар.</p> <p>Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен</p>

	тәнистыру, ұстай және көру тәсілдері арқылы аталған фигуralарды зерттеуге мүмкіндік беру.
Коршаған ортамен тәнистыру	<ul style="list-style-type: none"> - балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен тәнистыру, тәнис заттарды ажыратуға үйрету; - отбасына, туған өлкесіне, Отанға деген сүйіспеншілікке, ересектерге құрмет көрсете білуге, кішілерге жанашыр болуға тәрбиелеу; - еңбектің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсетеңдерін қолдау; - тірі және өлі табиғат туралы білімдерін байыту; - табиғатта қауіпсіздікті сақтау (санырауқұлақтар мен жидектер жемеу, жануарларға тиіспеу); - құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, заттарды құлаққа, мұрынға тықпау); - табиғатқа сүйіспеншілікке және қамқорлық жасауға баулу.
Құрастыру	<ul style="list-style-type: none"> - қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту. <p>Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыш материалдарынан, ұлгі бойынша, ойдан құрастыру.</p>

	<p>Сурет салу</p> <ul style="list-style-type: none"> - бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту; - бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым қатынас орнату; - бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, үйимдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаган шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелу; - бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбеккорлыққа, ұқыптылыққа баулу. <p>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.</p>
	<p>Мұсіндеу</p> <ul style="list-style-type: none"> - балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) тандауға мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаган шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелу. <p>Қазақ халқының әшекей бүйымдарымен (білеziк, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мұсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бүйымдарды мұсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.</p>

	<p>Жапсыру</p>	<ul style="list-style-type: none"> - балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаган шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу. <p>Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту.</p>
	<p>Музыка</p>	<ul style="list-style-type: none"> - музыкаға қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; - өнер туындыларына, қоршаган шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу.